

**Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы Кириллдың
архипастырларға, пастырларға, монах қызметіндегілерге және Орыс
Православие Қауымының
барлық балаларына Рождестволық жолдауы**

**Аса Қасиетті архипастырлар, аса құрметті әкелер, адал иноктар мен
инокиниялар, қымбатты аға-інілер мен әкпе-қарындастар!**

Осы киелі түні әр қалаларда, ауылдарда тұрып жатқан, бірақ Бір Орыс Православие Қауымын құраған барлықтарыңды шын ниетпен әлем құтқарған Христос Рождествосы мерекесімен құттықтаймын. Сендерге қымбаттыларым шын жүрекпен сәлем беріп, барлығымыздың осы ұлы салтанатқа бірге қатысып, рухани қуанышқа бөлініп, Құдайдың ұлдары және қыздарындай және *Христостың достарындай* (Ин. 15, 15) сенімнің тойында сайрандауды мінажатты тілеймін.

Енді Құдайдың денелену құпиясына зер сала отырып, екі мың жыл бұрын Вифлеемде болған оқиғаның мағынасын және оның біздің замандасымызға қандай қатысы бар екенін біз түсінуге тырысамыз.

Киелі апостол Павел былай деп жазады: *«Уақыт толған кезде, Құдай Өзінің Ұлын (Біртуған) жіберді, Ол әйелден туылды, заңға тәуелділерді өтеу үшін заңға бағынды, біздің Құдайдың балалары болуымыз үшін»* (Гал. 4, 4-5). Бұл уақыт толуының алдында не болды? Христостың Дүниеге Келуіне дейін адамдар Құдайды іздеді, көптеген даналар, әр адам сезген табиғаттан тыс күштің қайнар көзі кім екенін түсінуге ынталанды.

Құдайды іздеу жолында адамдар шындықты табуға талпынып, әр түрлі адасу жолына түсті. Бірақ адамзаттың табиғаттың қаһарлы құбылысының алдындағы үрейі, табиғаттың дүлей күшін, пұттарды, ал кейде өзін өзі құдайға теңегендік, тіпті пұтқа табынушы философтардың азғана болған қырағылығы да адамдарды шын Құдайға әкелген жоқ.

Әлем өзінің даналығымен Құдайды танымағанда (Кор. 1, 21), Ол Өзі адамдарға түсуге рақым етті. Рухани көзімізбен біз ұлы құпияны *пайымдаймыз*: Жаратушы жаратуына тәрізденеді, адамның табиғатын қабылдады, қорланды, кресте жан тапсырды және өлімнен тірілді. Бұның бәрі

адамның түсінігінен жоғары және Құдайдың Өзінің адамдарға Ашуының толықтығының кереметі болып табылады.

Христос дүниеге келді – енді әлем үмітке толды, Христос дүниеге келді – енді махаббат ғасырдан ғасырға патшалық ететін болады, Христос дүниеге келді – енді аспан жерге дейін бүгілді, Христос дүниеге келді – енді Вифлеем жұлдызы Құдайға жеңіл жол көрсетті, Христос дүниеге келді – енді ешкім жамандықтың салтанатына сенбейді, өйткені біз *сенім арқылы құт берекелікпен құтқарылдық, бұл бізден емес, Құдайдың сыйы* (Еф. 2, 8).

Мәсіктің келуін күтіп және болжай отырып Исаия пайғамбар былай деп лептейді: «*Құдай бізбен!*» (Ис. 8, 10). Оның Құдайдан алған сөздері кәзір де миллиондаған христиандардың айтуға болмайтын қуанышының қайнар көзі болып табылады. Вифлеемде дүниеге келген Құдай Ие біздің жүрегімізде де мекендейді, егер біз Оған және Ол құрған Қауымға сенімділік сақтасақ. Біз игілікті істер жасаған кезімізде, Ол бізбен бірге. Біз жақындарымызға көмек көрсеткен кезімізде, Ол бізбен бірге. Біз азап шеккендердің қайғысына ортақ болып, жан ашырлық көрсеткен кезімізде Ол бізбен бірге. Біз қастасқандарды татуластырған кезде, Ол бізбен бірге. Бізді ренжіткендері кешіріп, жамандықты есте сақтамаған кезімізде, Ол бізбен бірге. Біз мінажат айтып, қауымдық Құпияларға, ең басты Алғыс Айту Киелі Евхаристия Құпиясына қатысқан кезімізде Ол бізбен бірге.

Христос Рождествосы мерекесі бізге ең маңыздылығын айтады: біз, біздің Құтқарушымызға, бұл құтқарушылықты барлық халықтарға және барлық уақытта берген, кәзір де әр қайсымызға құшағын жайған Құдайымызды сүйуге және Оған қызмет етуге арналғанбыз. Құдайды шын қадір тұтып, Оған құрмет көрсетіп, біз сонымен қатар *сенім мен әрекетті махаббат жолында* (Гал. 5, 6) жақындарымызға қызмет етуді үйренеміз.

Бізге тек азғана бітіру қалды – Құдайдың құтқарушы құт берекесіне өзіміздің тіл алушылығымызбен, Құдайдың сөзіне сенімділігімізбен, Оның өсиеттерін өзіміздің ықыласымызбен орындаумен жауап беруіміз керек. Егер біз бұл ұлы шындықты меңгерсек, онда тек бізде ғана емес, сонымен қатар біздің төңірегімізде де көп нәрсе өзгереді. Біз алғашқы құндылықтарды дұрыс үйлестіре аламыз, біз асықпай, леңсіз және сеніммен жоғарыдан бізге арналған өмір жолымен, Құдайға мадақтау және алғыс айтып алға жүреміз.

Мұндай рухқа жету үшін, біз тек әлеуметтік сұраныста ғана емес, бірақ терең сенімділікпен және Құдайға ыстық сеніммен, сүйіспеншілік көрсеткен біздің ата-бабамыз сияқты православиелік адам болуымыз керек. Олардың

арасында Рустің шомылдырушысы, киелі апостолға тең ұлы князь Владимир ерекше орын алады. Оның қайтыс болғанының 1000-жылдығын осы жылы мерекелейміз. Біздің христиандықты жоғарғы дәрежеде болғанымыз және тарихы Рустің православиелік бауырластығының жинағында бір отбасы құрағанымыз үшін дәл оған борыштымыз. Солай болды, және солай, және солай болады. Ешқандай да уақытша болған қобалжушылықтар әлде сынақтар, ешқандай да сыртқы күштер ғасырлар бойы қалыптасқан Киевті шомылдырылулы купелдің мұрагерлерінің рухани және мәдениетті байланыстарын айыра алмайды.

Бұл киелі рожестволық күндері бүкіл қауымның мінажаттары және менің күрделі мінажаттарым Украина жеріндегі бейбітшілік үшін. Өзінің балалары қай жерде өмір сүрсе де, саяси, әлде бір нәрсеге ерекше ықылас білдірсе де, Орыс Православие Қауымы Оған Христостың Өзі жүктеген жауапкершілікті мақсатты орындайды (Мф. 5, 9). Ол адамдарды татуластырып, араздыққа апаратын жолды жеңіп шығуға қашан да болса көмектескен және әр қашан да көмектеседі.

Әр түрлі қарама-қарсылықтың, өшпенділіктің және бөліністің арқауы – күнә. Ол аса мәртебелі Иустин Челийскийдің айтуы бойынша, *«бар күшімен тек бір нәрсені істейді: адамды Құдайдан бездіреді және адамды адамгершіліктен айырады»* (аса мәртебелі Иустин (Попович), *Философские пропасти*). Жаратушы берген дарындықты жоғалтқан адамның қандай тозақтықта болатынын біз көреміз.

Қауым Құдай атынан, әрдайым адамдарға Құтқарушының дүниеге келген ұлы қуанышын жариялап (Лк. 2, 10), жер бетіндегілерді сенуге және жақсы жолға түсуге шақырады. Ол шынға апаратын жолды көрсетеді: Құдайды іздеуден – Құдайды тануға, Құдайды танудан – Құдаймен қатынаста болуға, Құдаймен қатынаста болудан – Құдайға ұқсауға. IV ғасырда Александрияда өмір сүрген киелі Ұлы Афанасий, Құтқарушының әлемге келген мақсатын ерекше әсерлендіретін сөздермен айтты: *«Адам құдай болуы үшін, Құдай адам болды. Табиғатымен емес, Құдайдың құт берекесімен. Қауымның ғасырлар бойы жиналған тәжірибесі былай деп куәландырады: біздің шын жаңа қалыпқа келуіміз Тәңірдің құт берекесінің әрекетімен және біздің өз еркімізбен оны қабылдап, әрекет ету арқылы орындалады. Ол біздің ата-бабамызға жақсылық пен жамандықты танып білу ағашының жемісін жесеңдер, сол сәтте ақ құдай сияқты боласындар (Быт. 3, 5) деген шайтанның арбауымен емес, бірақ еңбек ету арқылы, Жаратушыға құлақ қою арқылы қол жеткізіледі. Сеніммен өмір сүрген әр адам, тек Құдайға берілгендік оны*

жаман істер мен ойлардан ұстайтынын, дәл тек сенім оны Құдайдың даңқы үшін және жақынының игілігі үшін жақсылық істерге шабыттандыратынын біледі.

Барлықтарыңды ұлы Христос Рождествосы және Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, шын ниетпен денсаулық, бейбітшілік, аман-саулық және біздің Құдайымыз және Құтқарушымыздың артынан сүрінбей салтанатты шеруімізде жоғарыдан жомартты көмек тілеймін.

Барлық құт берекенің Құдайы, бізді Иисус Христос арқылы шақырған Өзінің мәңгілікті даңқына, Өзі... бәрін орындасын, орнатсын, бекітсін, тиянақты етсін. Оған даңқ және құдірет гасырдан гасырға. Аумин (1 Петр. 5, 10-11).

МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РУСЬ ПАТРИАРХЫ

Мәскеу,

Христос Рождествосы

2014/2015 жж